

«Бақдаулет -Сгіб» бөбекжайы ЖШС балабақшасы

№1 Педагогикалық кеңес

Хаттамасы

Қасымбек Датка ауылы

31.08.2021ж

Қатысқаны-30

Қалыс қалғаны-1

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі орындарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі.

- 1.Мектепке дейінгі мекемедегі жас мамандарға жетекшілерді тағайындау, бекіту.
- 2.Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құдіреттілігін қамтамасыз ету.
3. «Жаңа оқу жылына дайындық» Жылдық жоспар, айлық жоспар, вартетив, перспектива т.б. күн тәртібін бекіту.
- 4.Педагогтардың шығармашылық тақырыбын бекіту.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері сөз бастады.Өз сөзінде балабақша педагогтарына шығармашылық тақырыптық маңызыдылығын,бағытын,атқаратын жұмыстары жайында түсіндіреді.Жас мамандарға жетекші тағайындап , бірлесе жұмыс жасауды тапсырды.Балабақшада жалпы 34 педагог бар.Жас мамандар саны 23.Жас мамандарға күн тәртібі бойынша жұмыс жасауды,білім беру салаларымен жұмыс жасауға дағдылануды үйрену керек.

Балабақша педагогтарының шығармашылық тақырыптарын бекітіп кесте құрылды.

2.Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі сөз бастады.Өз сөзінде балаларды мектепке дейінгі мекемеде оқыту, оларға күш қуатын жетілдіруге ,білімқұмарлық ,белсенді эмоциялық қайырымды болуға ,қарым-қатынас құралдарын және үлкендермен ,құрдастарымен, өзара іс-қимыл әрекетін меңгеруге көмектеседі . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастару арқылы, кіріктіру, жұмыстарымен іске асырып, «Денсаулық» ,«Қатынас», «Таным» ,«Шығармашылық» ,«Әлеуметтік орта» бас білім беру саласына негізделген.

3.Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша балабақша меңгерушісі А.Б. Керимбекова сөз бастады .Өз сөзінде балабақшаның стандартқа сай бекітілген жылдық жоспармен яғни 2021-2022 оқу жылында балабақашада атқаратын жұмыстарға қысқаша тоқталды . Сонымен қатар қыркүйек айындағы мақсат- міндеттермен таныстырды . Балабақша тәрбиешілері 9 тақырыптық жылдық жоспары мен қыркүйек айының перспективалық циклограммалық жоспарларын құрылды.

4 .Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақшаның аға тәрбиешісі Гүлсара Шымкентбаевана балабақша тәрбиешілерінің бір жылдық шығармашылық тақырыптары мен жетекшілерін атап өтті.

Шешім етті .

- 1.МДЖ ға бекітілген бағдарлама бойынша оқыту мен тәрбиенің жүйесі қолданылған.
2. 5 б.б.с. бойынша балалардың құзіреттілігін қамтамасыз етсін.
3. Жаңа оқу жылының жоспары бекітілсін.
4. Балабақша тәрбиешілері мен пән мұғалімдерінің шығармашылық тақырыбы бекітілсін.

ЖШС «Бақдаулет -бөбекжай»
Балабақша меңгерушісі

А .Б .Керимбекова

Хатшы: Аскербек.З



**«Бақдаулет- Сгіб» бөбекжайы ЖШС балабақшасы
№2 Педагогикалық кеңес хаттамасы**

Қасымбек Датқа ауылы:

05.10.2021 жыл

Қатысқандар :

Қалыс қалғандар :

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Тілдік қорларын инновациялық технология арқылы дамыту

Технологиялық бөлімі :

1. Граматикалық дамудың ерекшелігі
2. Тәжірибеден үзінді Баланың қалыпты жетілуі тілдік қорларының жетілді.

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақшаның аға тәрбиешісі Агибаева Күлсара сөз бастады. Өз сөзінде Еліміздің білім беру саласында жүргізіліп жатқан ,реформаның басты мақсаты ой өрісі жаңашыл шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын дүниетанымын жоғары жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу ,МДҰ-да балалардың тілдік қорын дамыту, мәселесі кеңінен талқылануда. Балалардың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорын дамыту бойынша ,бірнеше әдістерді қолдануда. Балалардың грамматикалық дамуы оның сөзді анық жеткізе алуы мәнерлі сөйлеуі әріптерді қатесіз айтуы басты назарда болуы тиіс делінді.

2.Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ,«балапан» тобының тәрбиешісі Усманова Айгерим сөз бастады .Өз сөзінде ересек топ балаларына жүргізілген тәжірибесіне тоқталды. Онда 25 баланың қатысқаны және балалардың зейіндерін дамыту аясында тапсырмалар беріліп нәтижесі «жоғары» бағаланып атап өтті . Тапсырмалар.

«Қатынас» б.б.с .«Шығармашылық» б.б.с. «Таным» б.б.с. бойынша берілді .Тәжірибеге қатысқан балалардың басым бөлігінің сөздік қорыталық және дыбыстарды толық әрі анық айта алатынын айтты.

Шешім етті.

1 Балалардың грамматикалық дамуын дамыту мақсатында тәрбиешілер арнайы курстарда білімдерін жетілдіру қолға алынсын міндеттемені өзіме қалдырамын .

2 «Балапан» ересек тобының тәрбиешісі Усманова Айгеримнің тәжірибесі қанағаттарлық деп танылсын.

Бақдаулет балабақшасы
меңгеруші:

А. Б. Керимбекова

Хатшы:

Әскербек.З



«Бақдаулет- Сгіб» бөбекжайы ЖШС балабақшасы

№3 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Қасымбек Датқа ауылы

10.12.2021 жыл

Қатысқаны - 20

Қалыс қалғандары-3

Күн тәртібінде

1. Ақпараттың сөйлеу сөздігі айтылу сөздігі.
2. Коррекциялық жетілу балабақша жолындғы балалар .
3. Жаңа технология бойынша дене қалпының жетілуі .
4. Денсаулық сараптамасы денсаулық сақтау іс-шаралары.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақшаның ортаңғы топ тәрбиешісі Орал Ұлболсын сөз бастады. Өз сөзінде , Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында «Қатынас» негізгі білім беру саласына кіреді. «Қатынас» білім беру саласының базалық мазмұны сөйлеуді дамыту көркем әдебиет жүзеге асырылады .Сөйлеу тілі – психикалық қызметіне кіріп адамзатты жануарлар қатарынан ажыратынан, ерекшеліктердің бірі сөйлеу тілі ,баланың барлық қабілетінің қарым-қатынасқа түсу ,тану, білу меңгеру , танымдық зерделену және ойын әрекетінің дамуының негізгі болып табылады .Бұл байланысты орнатуда баланың сөйлеу тілінің дамуының өзекті мәселесін шешуде.

МДҰ педагогтарының әрекеті маңызды деді.

2 Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша психологі Сейдмахамбетқызы сөз бастады. Өз сөзінде Мінез –құлығында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық дамуында, психофизиологиялық дамуында түрлі ауытқушылықтары бар ,балалрды оқыту және тәрбиелеу мәселесімен ,айналысатын педагогикалық ерекше бір саласы .Қоррекциялық білім беру .

Ауытқушылығы бар балалар категориясына оқу бағдарламаларын меңгеруде қиындық тудыратын түрлі биологиялық, әлеуметтік себептерден, ақыл –ойында есту көру қабілетінде және қозғалыс сферасында бұзылуы бар балалар жатады .Бұл категориялардағы балалардың орталық жүйке жүйесінің қызметінде сәл ауытқушылығы бар болуы, сондай-ақ олар мектептік және әлеуметтік бейімделу кезінде жағымсыз әсер тудыруы мүмкін. Сол себептен осындай категориядағы балаларды дамыту, тәрбиелеу, оқыту ,мақсатында бұл балаларды оқыту ,тәрбиелеу мен дамытуды барынша жекелендіріп ,уақытында мінез – құлқындағы және дамуындағы бұзылуларды анықтайтын алдын алатын және олармен күресетін арнайы тиімді әдіс-тәсілдер мен құралдар жасап қамтамасыз етіп отыруды қажет делінді .

3 Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Б Сұлтанова сөз бастады. Өз сөзінде жаңа технология бойынша дене қалпының жетілуі дене тәрбиесінің ,әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде, дене тәрбиесі жүйесін , оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын оның қызметі мен құрылымын танып біліудің қажеттілігі ,білім мен тәрбиенің талаптарына сәйкес өсіп кележатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін қажет .«Денсаулық» саласы балалардың денсаулығын нығайтумен қоса бала бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарды дамытуды меңзейді . «Денсаулық» саласы бойынша жаңа-әдіс тәсілдер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,қолданылады делінді .

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақша медбикесі М Юсупова сөз бастады. Өз сөзінде балабақша тәрбиешілеріне денсаулық сараптамасы негізінде яғни балалардың жас ерекшеліктері бойынша дене бітімінің дамуы ескере отырып, балабақшада өтілетін

денсаулық іс-шаралары бекітілді. Жыл басынан бері балалардың денсаулығын нығайту мақсатында бірнеше іс-шаралар өтілді. Атап айтсақ, «Шынықсаң шымыр боларсың», «Ласточка», «Шұғыла», ересек топтары «Кім жүйрік», МАД топтары «спорт-денсаулық кепілі» ортаңғы топтарда өткізілді.

Шешім етті.

1 Балалардың тілдік сөздік қорын дамыту негізінде топ тәрбиешілері жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданылсын.

Бақылауды балабақша әдіскері Б Сұлтановаға жүктеймін.

2 Балабақша психологі А Шаневааның баяндамасы қанағаттарлық деп танысын.

3 Жаңа технология бойынша дене қалпын жетілдіру назарға алынсын. Бақылауды өзіме қалдырамын.

4 Балабақша медбикесі М Юсупованың баяндамасы қанағаттарлық деп қабылдансын.

«Бақдаулет-сгіб» ЖНІС
балабақша меңгерушісі



АБ Керимбекова

Хатшы:

Әскербек.З

«Бақдаулет-Сгіб» бөбекжайы ЖШС балабақшасы

№4 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Қасымбек Датқа ауылы

02.02.2022жыл

Қатысқаны: 23

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде

1. Ата-аналардың бала-бақшамен қарым қатынасы .
2. Музыкалық эстетикалық тәрбие.
3. «Қазақтың ұлттық ойындарын» ойнатудың тәрбиесінің мәні .
4. Мектепке психологиялық дайындық есеп .

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі А Б Керимбекова сөз бастады. Өз сөзінде Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу-тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата-ана мен балабақша ынтымақтастығы баланы оқу мен тәрбиедегі мәселелерді шешуге көмектеседі .Отбасында балабақшада да мақсат мүддесі біреу болашақ ұрпақ тәрбиесі .

Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез-келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы зор. Себебі отбасы баланың түрлі болмысын қалайтын мекен. Сондықтан балабақшаның оқу тәрбие жұмысында ата-аналармен жолығуға үлкен көңіл бөлемін деді .

2 Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақшаның жас маманы Озтай Айжан сөз бастады. Өз сөзінде ,Музыкалық тәрбие – мектепке дейінгі жастағы балаларға эстетикалық талғамдық тәрбие беру ісінің негізгі санасы болып саналады .Басты мақсаты біртіндеп түрлі музыкалық іс-шараларды меңгерту арқылы баланың бойындағы өзіндік бағыттаушы реттеуші болып табылатын эмоциялық сезімін ояту .Музыкалық эмоцияны дамыту барысында баланың музыка өнеріне деген қызығушылығы мәнері музыкалық мәдениеті эстетикалық сезім негізгі қаланады. Баланың жан-жақты тұлға болып өсуінің басты мақсаты музыка тәрбиесінде байланысты. Музыкасыз ойынсыз ертексіз баланың толық мәніндегі ақыл-ойы мен қиялын тәрбиелеуге болмайды. Сондықтанда балалар балабақшаға келіп жаттығу жасап әнұран айтып уақытында ертегі тыңдауы тиіс .

3.Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі А Мырзаахметова сөз бастады .Өз сөзінде балабақшада қазақтың ұлттық ойындарын ойнатудың тәрбиелік мәні өте маңызды. Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата-бабамыз ойынды тек баланы алдандыру ойнату әдісі деп қарамай ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы баланың көзқарасы мінез-құлқын қалыптастыру бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған .

4 Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақша психологы мен МАД топ тәрбиешілері өз есептерін берді .Онда 2021-2022 оқу жылында балабақшадағы МАД топтарында 75 бала тәрбиеленіп жатқанын айтты .«Құлыншақ», «Бәйшешек» ,«Балдаурен» МАД топтарының тәрбиеленушілердің қазіргі таңда білім деңгейі 75%құрап отыр. 66-тәрбиеленуші қалам ұстап жазуды еркін жазалады, буындап оқи алады. Жыл басынан бері балалар әліппені және 10-ға дейінгі сандарды толық меңгерді .Алайда 9 бала оқу жылының екінші тоқсанында келгендіктен толық меңгеріп үлгермеді .Алдағы уақытта бұл балалармен және жұмыстар жасалатын болады. Балабақша психолгі А Шакеева балалардың 70%белсене қатысуы балалардың білімі мен тәрбиесі жағынан мектепке психологиялық тұрғыдан дайын екенін көрсетеді деді. Сонымен қатар МАД топтардағы тәрбиеленушілер түрлі балабақшаішілік шараларға белсене қатысатын сөздік қорларының мол екенін айтып өтті.

Шешім етті.

- 1.Ата-аналар мен балабақша арасындағы қарым –қатынасты нығайту маңызды. Сол себепті топ тәрбиешілеріне ата-аналармен бірлесе жұмыс жасауды жүктеймін. Бақылауды өзіме қалдырамын.
- 2.Балабақша тәрбиешісі Озтай Айжанның баяндамасы қанағаттарлық деп танылсын.
3. «Балдырған» тобының тәрбиешісі А Мырзаахметованың баяндамасы қанағаттарлық деп таныссын.
- 4.МАД топ тәрбиешілері оқу жылы аяқталғанша балалардың білім беру деңгейі көтеруді тапсырамын. Бақылауды өзіме қалдырамын.

«Бакдаулет СГІВ» балабақшасы
ЖШС менгерушісі: А.Б. Керімбекова

Хатшы: Эскербек.З

«Бакдаулет-Сгiб» бөбекжайы ЖШС балабақшасы
Педогогикалық кеңес
Хаттама №5

Қасымбек Датқа ауылы:

03.05.2022жыл

Қатысқандар :30

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Оқу жылының қорытындысы

1. Өткен педогогикалық кеңестің шешіміне есеп

2. Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуы

3. Қорытынды мониторингісі

4. Педогогикалық ұжымның жазғы 2022 оқу жылындағы жұмысы

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі А.Б. Керимбекова сөз бастады. Өз сөзінде өткен педогогикалық кеңестің толық орындалғанын шешімін айтты.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша шаруа меңгерушісі Г. Сагиндикова сөз бастады. Өз сөзінде балабақшада өрт қауіпсіздігінің сақталуы жалпы ұжымға байланысты екенін өрт қауіпсіздігінің сақталуы жалпы ұжымға байланысты екенін өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды және балаларды түсіндірме жұмыс жүргізуді сұрады. Сонымен қатар балабақшаның әр бұрышында орналасқан өрт сөндіру құралдары орналасқанын және оны қалай қолдануды көрсетті.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Б.С. Шарафутдинова 2021-2022 оқу жылының қорытындысы мониторингісі білім деңгейі жылдағыдан 10-15 % ға төмен болуының себебі балалардың қаратин уақытында білімді толық деңгейде ала алмағандығы деді.

4. Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі А.Б. Керимбекова сөз бастады. Өз сөзінде 2022 жылғы жаз сауықтыру жұмыстарына педогогтардың дайындығы яғни 3 айлық жоспарлары күн тәртіптері т. б. дайын болуын қадағалауға алып танысып шықты.

Шешім етті.

1. Өткен педогогикалық кеңестің шешімі қанағаттарлық деп танылсын.

2. Өрт қауіпсіздігі ережелерімен балаларды таныстыру тәрбиешілерге жүктелсін.

3. Қорытынды мониторинг қанағаттарлық деп танылсын.

4. Жазғы сауықтыру жұмыстарын белгілеуді өзіме қалдырамын.

«Бакдаулет-Сгiб» балабақшасы

ЖШС меңгерушісі А.Б. Керимбекова

Хатшы:

Әскербек.З

